

«Сыңғырла , соңғы қоңырау!» атты салтанатты жиын

Әр түлектің жүрегін лүпілдедіп, алтын ұяға деген қимастық сезімін оятатын салтанатты соңғы қоңыраудың сыңғыры бүгін еліміздің барлық мектептерінде естіледі. Бірі алғашқы оқу жылдарын аяқтап, бірі сыныптан сыныпқа көшіп жатса, бүгін 11 сынып білім алушылары үшін ерекше толғанысқа толы күн. 25 мамыр күні №6 Хромтау гимназиясында Астананың 20 жылдығы, «Бақытты бала» жобасы және 25 мамыр соңғы қоңырауды мерекелеу аясында «Сыңғырла, соңғы қоңырау!» атты салтанатты жиын өтті. Салтанатты жиынның қонақтары аудан әкімі аппаратының басшысы Хасанов Нұрлан Мырзалыұлы мен аудандық білім бөлімінің әдіскері Раева Айман Баймурзиновна гимназия ұжымын оқу жылының аяқталуымен құттықтап, мектеп бітіруші түлектерге ақ жол тіледі. Өмірде өлшенбейтін іс – балаға берген білімің, мейірімің, қамқор пейілің. Осынау білім алушыларға деген қамқорлығын аямай жүрген гимназия директоры Мукашева Гүлмараш Орынбасарқызы биылғы оқу жылының жетістіктерін айта отырып, «Жыл оқушыларын» марапаттады. Биылғы оқу жылының қорытындысы бойынша 628 білім алушының 260-ы оқу озаты, 235-і оқу екпіндісі, білім сапасы-78,8% құрады. «Алтын белгі» үміткері-6 білім алушы, үздік аттестатқа үміткерлер-7.

Ата-аналар тарапынан Мария Қасайқызы ұстаздар қауымының еңбегін жоғары бағалап, түлектерге аналық батасын берсе, алғашқы ұстаздары мен сынып жетекшілері шәкірттеріне ұлттық бірыңғай тестілеуден сүрінбей өтулеріне сәттілік тіледі.

Мәңгілік елдің бақытты ұландары , гимназиямыздың 35 түлегі ұстаздарға алғыстарын білдіріп, мерекелік ән шашуларын жолдады. Соңғы қоңырау үні – кәмелетке толып, оң-солын танып, қанаттанған бозбала мен бойжеткендерді арман биіктеріне ұшырып, ең үлкен өмір мектебіне шығарып салды.









